# Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru
@Taldykorganpress

№18 (1860) Бейсенбі, 8-мамыр 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті


ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ

# Қ.ТОҚАЕВ: АЙБЫНДЫ АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫ

**Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысты.**



*Құрметті отандастар!*
*Сардарлар мен сарбаздар!*
*Аса қадірлі ардагерлер!*

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды.

Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз! Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды.

Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жаужүрек ұлт екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды.

Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілік пен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аудардық, еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия мен қатыгездіктің жегі құрты дендеп енген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды. Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес.

Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр.

Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық, армиямызды күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады. Мемлекет әскери қызметшілерге, арнаулы мекемелер мен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді.

Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс.

*Құрметті сарбаздар!*

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін!

Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

**akorda.kz**




## «Ер есімі – ел есінде!»

### атты 9-мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған шаралар

**09:00-10:00** – Облыс әкімінің ҰОС-на қатысқан ардагерлерді құттықтауы;
**10:00-10:20** – Орталық мәдениет және демалыс саябағындағы Даңқ Обелискісіне Мемлекеттік Туды алып шығу және гүл шоқтарын қою рәсімі;

**ОРТАЛЫҚ АЛАҢ**

**10:20-10:30** – Мерекелік көрме;

**БАС САХНА**

**10:30-10:35** – «Бабалар рухымен үндесу» атты мерекеге арналған театрландырылған көрініс;
**10:40-10:45** – Жетісу облысы әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаевтың мерекелік құттықтауы;
**10:45-10:55** – Мерекелік концерт;
**10:55-11:15** – Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған дала асханасындағы түскі ас;

**ТАЛДЫҚОРҒАН АТШАБАРЫ**

**10:00** – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ат спортынан ұлттық ойындар, «Бәйге»;

**ОРТАЛЫҚ АЛАҢ**

**19:00-21:00** – «Ұлы ерлікшаттығы» атты кешкілік мерекелік концерт.

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

САЯСАТ

# ВЬЕТНАМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫ СЕРІКТЕСІ

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алды.**



Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Президент Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді.

*– Вьетнам – Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктесі. Біздің өсіп-өркендеу жолындағы мүддеміз – ортақ. Мен екі жыл бұрын Вьетнамға ресми сапармен бардым. Сонда екіжақты ықпалдастықтың жаңа бағыттарын дамытуға уағдаластық. Келесі айда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 33 жыл толады. Алдағы уақытта да қос халықтың достығы нығая бермек. Мен бұған кәміл сенемін. Біз ортақ мақсат-міндеттерге жету үшін күш жұмылдыруға әрдайым дайынбыз,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Өз кезегінде То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді.

# ТО ЛАМ ӘСКЕРИ ПАРАДТЫ ТАМАШАЛАДЫ

**7 мамыр – Отан қорғаушы күні Астанада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеру өтті. Елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам салтанатты іс-шараға құрметті қонақ ретінде қатысты.**



Мемлекет басшысы парадта сөйлеген сөзінде Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлемге үлкен сабақ болғанын атап өтті.

*– Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз,*– деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парадқа Қазақстан Қарулы күштері құрамында және басқа да құрылымдарда қызмет ететін 4 мыңнан аса адам қатысты. Сондай-ақ 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшағы көрсетілді.

Бас алаңға 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың ішінде соғыс және тыл ардагерлері, дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, еліміздің әр аймағынан келген делегаттар, әскери-патриоттық клубтардың жас сарбаздары бар.




# БАТЫРЛАРДЫҢ ЕСІМІ АЛТЫН ӘРІППЕН ТАРИХҚА ЕНДІ

**Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антқа берік болғанын ұмытпау», – деген болатын.**

Жетісу облысы әкімі Бейбіт Исабаев мереке қарсаңында тыл ардагерлері және құқық қорғау, әскери органдардың қызметкерлерімен Салтанат сарайында жүздесті. Биыл Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қатар тойлануда.

Осы екі маңызды мерекенің қатар атап өтілуінің өзіндік мәні бар. Бұл ұрпақтар сабақтастығының үзілмей, даңқты жауынгерлік дәстүрдің жалғасып келе жатқанын айғақтайды. Айтар болсақ, Жетісу өңірінен майданға 120 мыңнан астам жауынгер аттанған. Олардың әрқайсысы Отан қорғауда қайсарлық пен батырлықтың үлгісін көрсетті. 38 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сол сияқты аты аңызға айналған 28 панфиловшы батырлардың тең жартысы Жетісу аймағынан болғаны – зор мақтаныш. Бүгінде Талдықорған қаласында тұратын 2 соғыс ардагері Ысқақ Құсайынов пен Төлеубай Шектібаев мейрамды қарсы алуда.

Жиын барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жылы лебізін білдірді.

*– Құрметті ардагерлер және әскери және құқық қорғау органдарының қызметкерлері! Баршаңызды Жеңістің 80 жылдығымен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сұрапыл соғыс жылдары тылда күн-түн демей еңбек етіп, майдан даласын қажеттілікпен қамтамасыз еткен біздің тыл еңбеккерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі ұшан-теңіз. Майдан үшін атылған әр он оқтың тоғызы Қазақстан зауыттарында жасалған. Соның ішінде Текелі қорғасын-мырыш комбинатының үлесі ерекше. Мәселен, әр жетінші оқ осы кәсіпорын шығарған қорғасыннан құйылған. Жалпы бүгінде облыста 1598 тыл еңбеккері бар. Оларға әрдайым қамқорлық танытып, қолдау көрсетіп келеміз. Биыл да дәстүр бойынша ардагерлерге материалдық көмек берілді. Сонымен қатар медициналық көмек те жүйелі түрде көрсетілуде. Мысалы, сәуірден бастап 9 мамырға дейін өңірде Денсаулық айлығы өтуде.*

*Ел ішіндегі заң мен тәртіпті нығайту, әлеуметтік әділеттілікті орнату бағытында нақты қадамдар жасалуда. Яғни құқық қорғау органдарының қызметіне артылар жауапкершілік жүгі зор. Бүгінгі кездесуде сол жауапты міндетті ата-әжелеріміздің патриоттық дәстүріне сай абыроймен атқарып жүрген азаматтарға ризашылығымызды білдіремін.*

*Мерейлі мерекелермен баршаңызды құттықтап, сіздерге зор денсаулық, толайым табыс, отбасыларыңызға қуаныш пен бақыт тілеймін. Отанымыз Қазақстан гүлденіп, көркейе берсін! -*деді облыс басшысы.

Тыл ардагерлері Рысбек Қуатұлы мен Зәуреш Бейіспекова және Жетісу облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт сөз алып, ардагерлер мен құқық саласы қызметкерлерін құрметтеп жатқан облыс басшысына өз ризашылықтарын білдірді.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Жеңістің 80 жылдығына орай тыл ардагерлеріне мерейтойлық медаль табыстады. Ал Отан қорғаушылар күніне байланысты құқық қорғау және әскери салада табысты қызмет атқарып жүрген бір топ қызметкерлер Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапатталды.

# «ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС»

## КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

**Майдангерлердің әрқайсының есімі еліміздің батырлық шежіресінде алтын әріппен жазылып қалды. Осы орайда Ұлы Отан соғысына Жетісу өңірінен аттанып, ерлік көрсеткен қаһарман жерлестеріміз жайындағы «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өткізілді.**



Атап өтсек, облыстық мемлекеттік архив құрастырған жинақ 5 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Жетісудан шыққан Кеңес Одағының батырлары мен «Даңқ» ордені иегерлерінің өмірі мен ерлігі туралы мәліметтер берілген. Екінші бөлімде облыстың аудан-қалаларынан жинақталған 939 ардагердің тізімі мен суреттері басылса, үшінші бөлім тылдағы өнеркәсіп, мекемелер мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жеңіске жету жолындағы ерен еңбегі мен ауыр өмірі жайлы сыр шертеді. Төртінші бөлімге архивте мемлекеттік сақтауда тұрған жеке тектік қор құжаттарынан қолжазбалар, сақталған жауынгерлік хаттар, естелік жазбалар т.б. құжаттар енгізілді. Сонымен қатар Орталық мемлекеттік архивте, Орталық мемлекеттік ғылыми техникалық құжаттама архивінде сақталған Жетісу өңірінен аттанған жауынгерлер туралы құнды құжаттар да жинақтан тыс қалған жоқ. Бесінші бөлім архивтік фотоқұжаттар топтамасынан тұрады. Бұл кітап 1 мың данамен жарық көрді, алдағы уақытта өңірдің барлық кітапханалары мен архивтеріне таратылады деп жоспарланып отыр.

**Данагүл МӘКЕН**

**Суретті түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАЙ**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА

# РОДИНА – СВЯЩЕННОЕ ПОНЯТИЕ

**В честь Дня защитника Отечества на центральной площади города Талдыкорган прошло торжественное мероприятие, в ходе которого был организован просмотр онлайн-трансляции главного военного парада в честь 80-летия Победы с участием Главы государства, прошедшем в Астане, и состоялись проводы на службу в армию 30 новобранцев.**



В мероприятии приняли участие аким области Жетісу Бейбит Исабаев, труженики тыла, ветераны Вооруженных Сил РК, члены областного, городского советов ветеранов, ветераны Афганской войны, Чернобыля, Семипалатинского полигона, учащиеся кадетских классов и многие другие.

Выступая с поздравительной речью, глава региона отметил:

*– От всей души поздравляю всех с Днем защитника Отечества! В этом году отмечается 80-летие Победы в Великой Отечественной войне. Мы преклоняемся перед непоколебимым духом старшего поколения. Имена и подвиги всех фронтовиков навсегда останутся в памяти народа. Родина – священное понятие. Защищать ее, обеспечивать спокойствие и безопасность – главная задача нашей армии и других силовых структур. Поздравляю всех тех, кто начинает и несет службу в рядах Вооруженных Сил, и выражаю искреннюю благодарность нашим уважаемым ветеранам,* - сказал Бейбит Исабаев, пожелав успехов в службе новобранцам.

В торжественной обстановке молодые солдаты были отправлены на службу в армию. Мероприятие продолжилось выступлением военных и праздничным концертом. Затем над площадью пролетели самолеты подразделения военных летчиков №21751 Талдыкорганского военного гарнизона «Жетісу барысы», которые в тот же день приняли участие в параде в Астане.

Среди свидетелей праздничных мероприятий и житель Талдыкоргана Айтбек Аубакиров.

*– Я ветеран Семипалатинского испытательного полигона. Пришел посмотреть на праздничное мероприятие с несколькими товарищами, с которыми вместе служил. Совместный просмотр онлайн-трансляции военного праздничного парада, прошедшего в Астане, очень впечатлил, много патриотичных, ярких моментов. Мы также стали свидетелями военной подготовки местных силовых структур. Пусть наше подрастающее поколение всегда живет мирной жизнью, не видя тех трудностей, с которыми мы сталкивались. Я думаю, что этот праздник во многом способствует формированию силы духа молодежи, укрепляя ответственность и чувство гражданского долга в каждом,* - поделился он.

Праздничный концерт в честь Дня защитника Отечества продолжился вечером.

**Соб.инф.**
**Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ**

# ҒАСЫР ТОЙЫНАН АСҚАН МАЙДАНГЕРЛЕР




**«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранда аналардың құрғамаған көз жасы, әкесіз өскен баланың мұңы жатты.**

Кеңес кезіндегі Отан үшін болған майданда әрбір төртінші адам көз жұмды. Бұл қилы да қиын заманда, КСРО халықтары бірігіп, жанқиярлық көзсіз ерлік пен татулықтың арқасында жауға тойтарыс бере алды. Қазіргі ұрпақ ашық аспан мен бейбітшілік сыйлаған сол батырларға ризашылық білдіруіміз керек. Ерлік ешуақытта ұмытылмауы тиіс.

Талдықорғандық Төлеубай Шектібаев 1925 жылы дүниеге келген. Семей өңірінің Жарма ауданындағы 7-сыныптық оқуды аяқтаған тұста сұм соғыс басталған. Соның кесірінен білімін жалғастыра алмады.

Еңбекке ерте араласып, майдан үшін күн демей, түн демей ауыл шаруашылығы жұмысын атқарды. Ал жасы 18-ге толғанда әскери комиссариатқа барып, әскер қатарына алынды. 1943-1944 жылдары дайындықтан өтіп, Қиыр Шығыс шекарасында, Амур маңайында шайқасқа кірісті. Белорус майданының құрамында болып, Венгрияның Балатон көліне дейін неміс басқыншыларынан тазартуға қатысты.

1945 жылы Қиыр Шығыс майданына ауыстырылып, 83-ші атқыштар дивизиясы құрамында Жапон әскерлеріне соққы береді. Содан Харбин қаласын азат етіп, ерлік пен батылдық танытады.

Жеңіс туын желбіретіп елге оралады. Қол қусырып қарап отырсын ба, қайтадан шаруашылықты көтеру жұмысына кірісіп кетеді. Семейдегі ауыл шаруашылық техникумында білім алады. Еңбек ете жүріп сырттай Алматы зооветеринарлық институтында оқиды. Мал шаруашылығының өркендеуіне үлес қосады. Ауылда экономист, партком хатшысы, кеңшар директоры, кеңес төрағасы қызметтерін абыройлы атқарады.

Ал, құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін, 2006 жылдары Талдықорған қаласына қоныс аударады. Қазіргі таңда атаның 7 баласынан 12 немере, 11 шөбересі қамқорлығына алған атамыз ғасырдан асты. Оның өңірінде 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және де басқа мерейтойлық төсбелгілері жарқырайды. «Немере, шөберелер аман болсын. Аспандары ашық, өмірлері жарқын болсын»,- дейді майдангер.

**Соғыс қиындығын көріп, төрт жылға созылған зұлматты бастан өткерген ардагерлердің ерен еңбегі мен ерлігі ұмытылмайды. Қазіргі таңда облысымызда 2 майдангер осы Жеңіс күніне жетіп отыр.**

Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Құсайынов атамыздың жасы биыл 101-ге жетті.

Соғыс ардагері Ысқақ Әбілпейісұлы 1924 жылы 14 қаңтарда кезіндегі Алматы облысы Алакөл ауданында дүниеге келген. Әкесі Әбілпейіз ауыр дерт сүзектен қайтыс болады. 16 баладан жалғыз тұяқ Ысқақ аман қалады. Ата-анадан айырылған ол туыстардың қолында тәрбиеленеді. 10 жасында мектепке барған бала алғырлығымен көзге түседі. Есепке жүйрік ол 7-ші сыныпты оқи жүріп, ауылдық кеңестің есеп-қисабын жүргізеді. Мектепті тәмамдап, кітапханашы болып, ауылдастарына қызмет жасады. 1942 жылы кәмелеттік жасқа толып, сұранып соғысқа аттанады. Украина майданында болып, одан кейін Шығыс аймаққа жібереді.

Амур әскери флотының «Зенит» дивизиясында жүріп, жас қазақ баласы қайсарлығымен, мергендігімен көзге түсіп, жау самолетін атып түсірген. Сол кездегі газетте жарық көрген мақаланың кейінгі болған. 1943 жылы «Әскери теңіз флотының үздігі» атағын алады. 44-жылдары кескілескен ұрыста ауыр жарақат алады. Кейін 1947 жылдары соғыстан оралып, Бақыш Өзбекқызымен отау құрады. Туған жерге оралған Ысқақ Әбілпейісұлы педучилищеде білім алып, ұстаздық қызметке кіріседі. 1952-55 жылдары Бөрлітөбе ауданында мектеп директоры кезінде батыр атаның соғыс жылдарындағы ерліктері мен теңіз флотындағы мергендік өнері жас теңізшілерге үлгі ретінде көрсетіліп, баспа беттерінде мақалалар жарияланғандығы тағы бар. Бұл туралы Каспий әскери теңіз флотынан да хабар келеді. Ал, бейбіт уақытта елі үшін аянбай тер төкті. Білімділігімен, іскерлігімен танылған Ысқақ Құсайынов «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын және де «Алтын» медальмен марапатталады. Жұбайы Бақыш апа екеуі шағын жинақталған мектептерде кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай мектептер үшін дидактикалық-көрнекі құралдарын қолдан жасап пайдаланудың үздік әдісін өз тәжірибелерінде көрсетеді. Бұл туралы еңбектері жарық көреді. 70-жылдары ерлі-зайыпты ұстаздардың көрнекі құралдары Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қойылып, Алтын медальды иеленген еді.

Ұлы Отан соғысының II-дәрежелі ордені, 1986 жылы алған Еңбек Ері медалі, «Тынық мұхиты флоты ардагері», Кеңес Одағының маршалы Жуков медалі, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгілері майдангер кеудесінде жарқырайды. Жалпы майдангер Ысқақ Құсайынов туралы деректер Хабаров қаласындағы мұражайда сақтаулы. Ысқақ атамыздың ғұмыры тұтас бір тарихты қамтиды. Бүгінде жасы 101-ге келген атамыздың Гүлсімжан мен Күлпаш атты қыздарынан тараған ұрпақтары бар.

*– Әкем мен анамның өмірі тарих пен өнеге. Әкеміз өте еңбекқор болды. 12 жасынан өз анасына көмектесіп, егін орды, қырманның ауыр жұмысын жасады. Анамыз Бақыштың дүниеден қайтқанына он жылдан асты. Мен өзім ҚазПИ-ды бітіргем, тарихшымын. Жолдасым Аманғазы Мырзаханов та мұғалім, 40 жыл екеуіміз ұстаздық жолда еңбек еттік. Алакөл ауданында 15 жыл мектеп басқардым, 15 жыл оқу ісі жөніндегі орынбасар, мұғалім болдым. Оқу ісінің үздігімін. Бұрынғы Үйгентас ауданында хал актілерін тіркеу бөлімін басқардым.*

*Зейнеткер мұғалімдер бүгінде бала-шағаның ортасындамыз. Бес баладан немере-шөбере көріп отырмыз. Атаның шөпшектері саналады ғой. Шүкір балалардың бәрі де жоғары білімді. Ата жолын қуып әскери академия бітірген ұлымыз әскери қызметте. Басқалары мұғалім, мемлекеттік қызметкер. Екінші баламыз саналатын Ардақ деген қызымызды атамыздың бауырына бергенбіз. Ата сол Ардақтың қолында. Ол да жоғары білімді. 20 жылдай ұстаздық етіп, «Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанды. Немере-шөберелеріміз өсіп келеді. Немереміз офицер. Құдайға тәубә, деймін ел қатарлы жүріп жатырмыз. Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын,*- дейді ардагердің қызы Гүлсімжан Ысқаққызы.

Атамыздан ұзақ жасау сырын сұрағанымызда, еңбектен қорықпау керектігін айтты. Зейнеткерлік жасына жеткен кезде де бау-бақша егіп, бағбан болған. 95 жасқа дейін еңбектен қалмаған. Дене шынықтыру жаттығуларын жасауды да ұмытпайды. Қимыл-қозғалыс ұзақ жасаудың кепілі, – дейді ардагер.

Енді, міне, Жеңіс күні жақындаған сайын Ысқақ атаны құттықтап келушілер қатары көп. Соғыс және еңбек ардагері Ысқақ Құсайыновтың ерен ерлігі мен адал еңбегі өскелең ұрпақ үшін өшпес өнеге болары хақ.

**Данагүл МӘКЕН**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат




## Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

*Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын.*

*Бұл күн адамзат тарихына өшпес сыз қалдырған, майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен жандарға ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске алатын күн. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы айтқандай, соғыс қасірет пен қайғыны еске түсірумен бірге, қан майдандағы шайқастар мен ерен ерліктердің де естелігі. Сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде.*

## Құрметті ардагерлер!

*Бейбіт өміріміз үшін, ашық аспанымыз үшін Сіздердің алдарыңызда тағзым етіп, басымызды иеміз!*

## Құрметті жерлестер!

*Халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас қажыр-қайратының ерен үлгісі болған Жеңістің 80 жылдығы тағы да құтты болсын!*

*Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін! Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!*




## Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

*Сіздерді мемлекетіміздің айбынды мерекесі 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл – батыр бабалардың даңқты жолы мен Отанға адал қызмет ету дәстүрін тоғыстыратын мейрам. Әрбір Тәуелсіз мемлекеттің ең басты мақсаты - ел тыныштығын қорғау, мемлекет тұтастығын сақтау.*

## Құрметті Отан қорғаушылар!

*Мерейлі мереке аясында бар өмірін әскери қызметке арнап, өз қызметін мінсіз атқарып жүрген сардарларымыз бен сарбаздарымызға алғысымды білдіргім келеді. Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!*

*Сіздерге еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, елімізге тыныштық және бейбіт ғұмыр тілеймін!*

**Ернат БӘЗІЛ,**
**Талдықорған қаласының әкімі**

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

# ЕЛ НАМЫСЫН ЕР ҚОРҒАЙДЫ, ЕР ЕРЛІГІН ЕЛ ҚОЛДАЙДЫ

**Салтанатты жиын 7-мамыр Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай аталып өтті.**

Мерекелік кеште Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Андабеков Жеңіс Саятбекұлы мерекемен құттықтап, өңірдегі құқық қорғау органдарына, әскери құрылымдағы қызметшілерге марапаттар табыстады.

Мерекелік кеш Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының өнерпаздары мен «Талдықорған әуендері» халықтық, фольклорлық - этнографиялық ән - би ансамблі дайындаған мерекелік концертіне ұласты.

# САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ




**Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Талдықорған қаласындағы «Шығыс» шағын ауданындағы көшенің біріне Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Армия генералы, тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Салтанатты жиынға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, қала әкімі Ернат Бәзіл, тұлғаның немересі Айжан Нұрмағамбетова, әскери қызметшілер, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты.**

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев – *«Бүгінгі шара – Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған барша аға буынға халықтың көрсеткен үлкен құрметі деп білемін. Сағадат Қожахметұлы – ержүрек жауынгер ғана емес, Қазақстан Қарулы күштерінің тізгінін ұстаған мемлекет қайрат-кері. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Армиясының негізін қалауға бар күш-жігерін жұмсап, өлшеусіз үлес қосты. Осындай біртуар тұлғаның әскери мұрасын зерделеу, өнегелі өмірін ұрпаққа насихаттау – біздің ортақ парызымыз»* – деп бұл маңызды шараның бірі екенін атап өтті.

Ал, Батырдың немересі Айжан Нұрмағамбетова – *«Біздің атамыз бүкіл саналы ғұмырын әскери салаға арнады. Бұл – жас ұрпақ жалғастыруға тұратын және жалғастыруы тиіс өнегелі жол. Ол үшін «парыз», «міндет» деген сөздердің маңызы ерекше еді. Сондықтан да болар, оның жалғыз ұлы алғашқылардың бірі болып Чернобыль апатының зардабын жоюға аттанды. Қазір еліміздің барлық дерлік қаласында Сағадат Нұрмағамбетовтің есімімен аталатын көшелер бар деуге болады. Қайраткер тұлғаға құрмет көрсетіп, есімін ел есінде мәңгі қалдыру мақсатында бүгінгідей іс-шараны ұйымдастырғандарыңыз үшін Қорғаныс министрлігіне, облыс әкімдігіне, барша азаматтарға ризашылығымды білдіремін»*, -деді.

20 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, «Алтын жұлдыз» табыс етілді. Ол ержүрек жауынгер ғана емес, шығармашылық адамы да болған. Оның қаламынан туындаған «Лицом к огню», «Мой передний край», «От огненных лет до суверенной армии», «А в памяти нет тишины» атты естелік кітаптары бар. Бүгінде оның есімі еліміздің қалаларының көшелеріне және әскери оқу орындарына берілген, батырдың құрметіне ескерткіштер, мемориалдық тақталар орнатылып, мұражайлар ашылған.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

**Биыл облыста Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілгендерге біржолғы материалдық көмек көрсетуге – жалпы саны 3 215 адамға 393,8 млн.теңге бөлінді.**

**ҰОС мүгедектеріне және оларға теңестірілген мүгедектігі бар ардагерлерге оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде және қажеттілігіне қарай техникалық оңалту құралдары беріледі.**

7 МАМЫР- ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

# АРДАГЕРЛЕРГЕ АЛҒЫС

**Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыстық ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесіп, жиналған көпшілікті Отан қорғаушылар күнімен құттықтады.**

Жиында өңір басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндап, облыстың дамуына қосқан үлестері үшін ардагерлерге ризашылығын білдірді.

– *Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Ең бастысы, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз», - деген болатын. Соған сәйкес біз жыл сайын ардагерлерге қолдау шараларын тұрақты көрсетіп келеміз. Өңірдің қоғамдық өміріне үлес қоса отырып, сіздер өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге қолдау көрсетіп келесіздер. Осы орайда облыста іске асырылып жатқан «Әдеп-құқықтық жұмыс жөніндегі ментор» жобасына белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Сіздер сияқты азаматтардың жүргізген дәрістеріне 6 мыңдай оқушы тартылды. Жеңістің 80 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларда да белсенділік танытасыздар деп сенемін,* - деген Б. Исабаев мұнан соң марапаттау рәсімін атқарды. Бұл ретте 13 ардагерге облыс әкімінің Алғыс хаты тапсырылды.

Атап өтсек, кездесуге өңірдегі бірқатар ардагерлер ұйымдарының мүшелері, соның ішінде Ауған соғысына қатысушылар, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандар, Семей полигонынан зардап шеккендер, Желтоқсан оқиғасына, Тәжік-Ауған, Таулы Қарабақтағы әскери іс-қимылдарға қатысушылар, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшелері келді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

МАРАПАТ

# ҰРПАҚ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ЕҢБЕК

**Жеңістің 80 жылдығына орай Талдықорғанда тыл ардагерлеріне құрмет көрсетілді.**

Сұрапыл жылдары тылда жан аямай еңбек еткен 40 ардагерге қала басшысы Ернат Бәзіл Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медальды табыстады.

**Қала әкімі Ернат Бәзіл:**

*– Ұлы Отан соғысында от пен оққа кеудесін тосқан аталарымыз ерлігінің арқасында бүгінгі ұрпақтары осындай бейбіт күнге жетіп отыр. Тылдағы еңбек те ауыр болды, жанкешті еңбегімен ер азаматтарды жоқтатпай, шаруашылықтарды жүргізген аналарымыздың да еңбегі орасан зор. Сіздердің ерліктеріңіз мәңгілік елдің рухани негізі, өскелең ұрпаққа өнеге. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлерінің бүгінгі ұрпақ үшін жасаған ерлігі мен еңбегіне мың тағзым. Елі үшін еңіреген*



*ерлердің есімі жүрегімізде мәңгі сақталады,* - деді.

**Қала әкімінің баспасөз қызметі**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

# ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ТАБАНДЫ ЕҢБЕГІНЕ ҚҰРМЕТ

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл шаһарымызда тұратын тыл еңбеккерлерін аралап, Жеңіс күнімен құттықтап, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығы бойынша «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін табыстады. Қазіргі уақытта қала бойынша Отан соғысының 2 ардагері, 543 тыл еңбеккері және 24 соғыс жесірі тұрады. Олардың барлығына мемлекет тарапынан бір реттік арнайы жәрдемақы берілді.**



Бұл күні қала әкімі облыс орталығында тұратын Базикен Оразова, Мапиш Шакенова, Күлжауһар Райымбекова, Елизавета Полешко және Валентина Чукреева сынды тыл ардагерлерімен жүздесті.

# ПАТРИОТТЫҚ ӨНЕР БАЙҚАУЫ

**Талдықорған қаласындағы жалпы білім беретін 27 мектептің арасында Жеңістің мерейтойына арналып, «Ұрпаққа ұран болған – ұлы Жеңіс» атты патриоттық өнер байқауы ұйымдастырылған болатын. Аталмыш байқау 14-23 сәуір аралығында өтіп, оған қаламыздың 27 мектебінің 5-10 сынып оқушылары қатысты.**



Шараның қорытындысы І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында қала әкімі Ернат Бәзілдің қатысуымен өтті. Патриоттық өнер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінен бұрын қала басшысы әр білім ошағының әзірлеген тақырыптық көрмені аралап шықты.

Айтар болсақ, байқаудың мақсаты - Отан үшін жанын қиған батырларымыздың ерлігін ұрпақ жадында жаңғырту, ел тарихы мен ұлттық сананы есте сақтау, жастардың бойында патриотизм мен тарихқа деген құрмет. Байқау аясында оқушылар Жеңіс күніне арналған театрлық қойылым көрсетсе, өнерпаздар жанды дауыста ән салып, мың бұрала биледі. Сондай-ақ, балалар шығармашылығына да мән берілді. Олар ақындардың шығармаларынан және өздері шығарған өлеңді жатқа мәнерлеп оқыды.

Мерекелік шараға арнайы қатысқан қала әкімі Ернат Бәзіл жиналғандарды Отан қорғаушылар күнімен және Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, жеңімпаздарды марапаттады.

Қала әкімінің жүлдесі үшін өткен байқау 7 номинацияны қамтып, қатысушылар арнайы және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Байқау қорытындысында, І-орын жүлдесін Ш. Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп гимназиясы қанжығасына байласа, ІІ-орын иегері С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектебі, ІІІ-орынды Қасым Құлжабаев атындағы №28 ІТ мектеп- лицейі иеленді.

Бас жүлде, 300 мың теңгенің сертификаты М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясына бұйырды. Сондай-ақ, қайсарлық рухты ту еткен бірқатар мектептерге ынталандыру сыйлығы табысталды. Сонымен қатар «Үздік жеке орындаушы», «Үздік өнерпаз» тағы басқа да аталымдарда жеңімпаздар анықталды.

**Замзина Қарлығаш Келісқызы, Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясының директоры:**

*– Жеңіс күні – бейбітшіліктің және қайырымдылықтың мәңгі жасампаздық, абырой мен даңқымыздың мерекесі. Отанға деген сүйіспеншілік соғыста Жеңіске жеткізгендігі сөзсіз. Осыны жас ұрпаққа бойына сіңіру қажет. Біздің азаматтық парызымыз – бұл күнді мәңгілік есте сақтау, Отанды сүю, елдің, жердің адал перзенттерін тәрбиелеу. Қала әкімінің жүлдесіне орай өткен шараға 274 оқушы қатысты. Мектептің әрбір қабатына қойылған көрмені әскери киім мен пилотканы киіп алып өзім таныстырдым. Әр оқушы өз өнерлері мен қабілеттерін барынша көрсетті. Ортақ жұмыстың, ауызбірліктің арқасында бас жүлдені иелендік.*

**Данагүл МӘКЕН**

# ТӘРБИЕ-ТЕКТІЛІГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

**Талдықорған қаласында ардагерлер кеңесі құрылғалы бері дәстүріміз дәріптеліп, салтымыз жаңғырып, өшкеніміз қайта жанғандай. Жас буынның бойына адамгершілік қасиеттерді дарытуда абыз ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарымыздың берері мол-ақ.**

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегендей, қалалық ардагерлер кеңесінің бастамасымен облысымызға еңбегі сіңген азаматтардың есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында естелік тақта қою рәсімі жыл сайын жалғасын тауып келеді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Сталинград қаласын қалпына келтіруге үлес қосқан жетісулық 88 қыздың бірі – Нұрғайша Алдекеноваға шаһарымыздың Желтоқсан көшесіндегі №17 үйге ескерткіш тақта орнатылды. Ол кісі өмірінің соңғы жылдарын осы үйде тұрып, бала-шағасының арасында өткізген болатын. Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің бастамасымен,қала әкімінің қолдауымен қазақ елінің өркендеуіне үлес қосқан Жетісу өңірінің азаматтарына арнап «Естелік тақта» орнату шарасы одан әрі жалғаса бермек.



**Ақшабай КЕРІМБЕКОВ, Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы:**

*– Ата-әженің тәрбие мектебінен өткен бала қоғамның мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білетін, отаншыл болып қалыптасатыны хақ. Сондықтан да, қалалық ардагерлер кеңесі мүшелері «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат», «Даналық мектебі» сынды іс-шаралармен қатар еліміздің өркендеуіне атсалысқан азаматтардың есімін дәріптеу мақсатында мекенжайларына «Естелік тақта» орнатуды жалғастыруда. Міне, бүгін, Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында Нұрғайша апамызға салтанатты жағдайда естелік тақта орнатылып жатыр. Қаршадай қыздың Сталинград қаласын қалпына келтіруге қатысуы, соғыс аяқталған соң еліне келіп, Тасболаттай ағамызбен жарасып, 10 баланы тәрбиелеп өсіруі, еліне адал қызмет етуі-батырлық іс дер едім. Анамыздың жатқан жері жайлы болып, артында қалған ұрпағы аман-есен, өсіп, өне берсін.*

**Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы:**

*– Бүгін бәріміз үлкен қуанышты жағдайда тұрмыз. 1943 жылы соғыстан кейін тас-талқаны шыққан Сталинград қаласын қайта қалпына келтіруге аттанған қазақстандықтардың арасында сонау Қорам балалар үйінен барған 88 қыздың бірі болып үлес қосқан Нұрғайша апамызға «Естелік тақта» орнатылып жатыр. Бойжеткен қыздардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі болуы керек.Осындай апаларымыз бен аталарымыздың салған сара*




*жолынан жаңылмай, егеменді еліміздің туын биік ұстар азаматтар көп болсын.*

**Марат ӘЙНЕКОВ, Ауған соғысының ардагері:**

*– Мен, Нұрғайша апа мен Тасболат ағаның жерлесімін. Әке-шешелеріміз өте жақын араласты. Бірін бірі көрмесе сағынып тұратын. Әлі есімде, соғыстан екі аяқсыз оралған Тасболат ағамызды апамыз жаз маусымында арқалап алып шабындыққа шөп шабу үшін, ыңғайлы жерге әкеліп шалғыны қолына беріп отырғызып кететін. Кеш қарайғанша ол кісі айналаның шөбін шауып, маялап тастайтын. Сол жинаған шөбі қыстай малына азық болатын. Жастайынан қандай қиыншылық көрсе де мойымай, дүниеге 10 бала әкеліп, тәрбиелеу үлкен ерлік дер едім. Нұрғайша апамыздың жасы 80-нен асқан кездің өзінде көзәйнексіз кітап оқып отырғанын көріп таңқалған едім. Ол кісі туралы айтар әңгіме көп. Міне осындай тарихи тұлғаларды есте қалдыру мақсатында үлкен еңбек атқарып жатқан облыстық, қалалық ардагерлер кеңесіне, қала әкіміне айтар алғысымыз шексіз. Есімі ел есінде мәңгі қалды. Бұл – талдықорғандықтарға үлгі. Апамыздың артында қалған ұрпақтары аман болсын.*

**Әлсейіт АЛДЕКЕНОВ, баласы:**

*– Біздің анамыздың еңбегін бағалап, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, өзі тұрған үйіне естелік тақта қойылып жатыр. Қала басшыларына, ардагерлер кеңесіне көп рақмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Бұл – өскелең ұрпаққа үлгі. Анамыз соғыстан кейін әкемізбен бас қосып, 10 баланы дүниеге әкеліп, бәрімізді ешкімнен кем қылмай өсіріп,оқытып, шаңырақ көтеруімізге көмектесті. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.*

**Дариға АЛДЕКЕНОВА, қызы:**

*– Анамыздың ерлігі мен еңбегі еленіп, осындай салтанатты шара өтіп жатқанын көру біз үшін үлкен бақыт. Қуанышымызға ортақтасып жатқан барша қауымға көп алғыс айтамын. Әке-шешеміз мейірімді, ұлағатты, еліне өте сыйлы, құрметті, өнерлі, білімді болған. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, мәңгілік мекеніне аттанды. Ол кісілердің жатқан жері жайлы болсын.*

**Ұрпақтары жиын барысында құран бағыштап, ата-аналары туралы жүрекжарды лебіздерін білдіріп, соғыс кезінде майдангерлерге рух берген әннен шашу шашты. Әулеттің үлкені Есенбала әпкеміз отбасындағы әке мен ана бекітіп кеткен барды бағалау, жоққа мойымау, кішіге қамқор болу, кісілік пен кішілікті, дос пен жарды аялау, ұрпаққа жақсы тәрбие беру ісін жалғастырып келеді. Текті ұрпақтың бойындағы ізгілік қасиеттерге өзінен кейінгі буынды тәрбиелеу арқылы әке мен шеше даңқын асқақтата түскендей.**

**Гүлжанат НҰРШАНОВА**

# ЕРЛІК ЖӘНЕ ДАҢҚ

**Жеңіс күні - бейбітшіліктің, тыныштықтың баға жетпес қадірін ұғындыратын айтулы мереке. Бұл – бүгінгі ұрпақтың ата-бабаларымыздың қайсарлығын, ерлігі мен елжандылығын ұлықтайтын қастерлі күн. Осынау күні ашық аспан сыйлаған майдангерлерді еске алып, оларға құрмет көрсетіп, ерліктеріне тағзым ету баршаға ортақ парыз.**

